

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ
ИРРИГАЦИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

«Қорғауға жіберілді»
Білімберу бағдарламасы
жетекшісі

/колы/

Ескермесов Ж. Е.

/аты-жөні/

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Павлодар облысы, Баянауыл елді-мекеніндегі аудандық әкімшілік
ғимараты»

Білімберу бағдарламасы :

6B07316 – «Ғимараттар мен құрылымдарды салу
және пайдалану»

Орындаған

/колы/

Келгентай Нұрбақыт Сағынтайұлы

/аты-жөні/

Жетекшісі

/колы/

құрылыс магистрі, аға оқытушы,
/ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, аты-жөні/

Медетов Абай Комекбаевич

Тараз 2026ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ
ИРРИГАЦИЯ УНИВЕРСИТЕТІ**

Білімберу бағдарламасы: 6B07316 – «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»

Диплом жобасын (жұмысын) орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Білімгер Келгентай Нұрбақыт Сағынтайұлы
/аты-жөні/

Жобаның (жұмыстың) тақырыбы Павлодар облысы, Баянауыл елді - мекеніндегі аудандық
әкімшілік ғимараты

ЖОО « 30 » 10 2026 ж. № 138 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны (жұмысты) тапсыру мерзімі « 4 » 06 2026 ж.

Жобаға (жұмысқа) берілген негізгі көрсеткіштер Құрылыс орны: Павлодар облысы,
Баянауыл елді - мекені, 1-ші климаттық топшада, температурасы -32°C, желдің
жылдамдық күші – 0,38кПа, қар қабатының салмағы – 1,0кПа, ғимарат – қоғамдық,
ғимарат классы – II, отқа төзімділік дәрежесі – II, жауапкершілік дәрежесі – II, ғимарат
төртбұрышты, өлшемдері 31,8x63,0м, 4 қабатты, жеретөлесі және суық шатыры бар,
жеретөле биіктігі – 2,2м, 1 – ші қабат биіктігі – 4,0м, 2-ші қабаттан 4-ші қабатқа дейінгі
қабат биіктігі – 3,3м, шатыр биіктігі – 1,6м

Диплом жобасында (жұмыс) қаралуға тиісті сұрақтардық тізімі немесе диплом жобасының
(жұмыс) қысқаша мазмұны

а) Кіріспе. Сәулеттік-құрылыс бөлімі: ғимараттың мінездемесі, бас жоспар, сәулеттік –
жоспарлық шешім, конструктивтік шешімдер, инженерлік жабдықтар, қабырға мен
жабын конструкциясын жылу техникалық есептеу

б) Есептік-конструктивтік бөлімі: жүк көтергіш конструкцияларын есептеу, жүк жинау
кестесі, ЛИРА (ж/б конструкциялар) v 9.4 Лири софт бағдарламасында ұстын және КЖС
жабын тақтасы (оболочка) үшін арматура таңдау нәтижелері

в) Ұйымдастыру және жоспарлау бөлімі: құрылыс алаңындағы күнделікті жүйелі
жұмыстың кестесін жасау, объектінің құрылыс бас жоспары, тұтас құймалы
ұстындарды құрастыру, құрастыру кранын таңдау, дайын бұйымдардың сапасын бақылау,
жұмыс өндіруінің күнтізбелік графигі, материал техникалық қорлары, техника-
экономикалық көрсеткіштері

г) Жобаны экономикалық негіздеу: локалді смета №1, құрылыстың техникалық – экономи-
калық негіздеу сатысындағы есептік құнын анықтау тәртібі, техника экономикалық
көрсеткіштері.

Сызба материалдарының тізімі (негізгі сызуларды анық көрсету керек)

1. Сәулеттік - құрылыс бөлімі: Қасбет, бас жоспар, жоспар, қима, түйіндер.

2. Конструктивтік есептеу бөлімі: ұстын Км-1, қималар, спецификация, болат шығыны
кестесі, қалып сызбасы, ұстындар түйіскен жерлерін күшейту, жұмысшы арматураның
орналасу сұлбасы.

3. Құрылысты жоспарлау және оны ұйымдастыру бөлімі: күнтізбелік сызба және құрылыс
бас жоспары

Ұсынылған негізгі әдебиеттер

1. СНиП 2.01.01-82. Строительная климатология и геофизика. 2. СНиП II-3-79. Строительная теплотехника. 3. Шилибеков С. К., Инкарбеков Н. О. Дипломное проектирование. Методические указания для студентов специальности ПГС. 4. Байков В. Н., Сигалов Э. Е. Железобетонные конструкции. /Общий курс. 5. КР КН 8.02-01-2002. Құрылыстың техникалық-экономикалық негіздеу сатысындағы есептік құнын анықтау тәртібі. 6. Хамзин С. К., Карасев А. К. Технология строительного производства. Курсовое и дипломное проектирование.

Жоба (жұмыс) бойынша кеңесшілер, жоба (жұмыс) бөлімдеріне тиістісін көрсету керек

Бөлім	Кеңесші	Мерзімі	Қолы
1. Сәулеттік - құрылыс бөлімі	Асылбеков А. III.	2.05.26	
2. Конструктивтік есептеу бөлімі	Медетов А. К.	18.05.26	
3. Құрылысты жоспарлау және оны ұйымдастыру бөлімі	Аманбаев Е. Н.	29.05.26	
4. Жобаны экономикалық негіздеу бөлімі	Медетов А. К.	3.06.26	

Диплом жобасың (жұмыс) дайындау
КЕСТЕСІ

№ р/н	Бөлімдердің аттары, қаралған сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсететін мерзімі	Ескертпелер
	Кіріспе	2.05.26	
	1. Сәулеттік - құрылыс бөлімі	2.05.26	
	2. Конструктивтік есептеу бөлімі	18.05.26	
	3. Құрылысты жоспарлау және оны ұйымдастыру бөлімі	29.05.26	
	4. Жобаны экономикалық негіздеу бөлімі	3.06.26	
	Қорытынды	3.06.26	
	Қолданылған әдебиеттер	3.06.26	

Тапсырманы берген күн « 25 » 01 2026 ж.

Білімберу бағдарламасы
жетекшісі

/қолы/

Ескермесов Ж. Е.
/аты-жөні/

Жобаның (жұмыс)
жетекшісі

/қолы/

Медетов А. К.
/аты-жөні/

Тапсырманы орындауға алды

Білімгер

/қолы/

Келгентай Н. С.
/аты-жөні/

ТҮЙІНДЕМЕ

Дипломдық жұмыс тақырыбы: «Павлодар облысы, Баянауыл елді-мекеніндегі аудандық әкімшілік ғимараты».

Жұмыс құрамына: кіріспе, сәулетті – құрылыс бөлімі, конструкциялық есептеу бөлімі, құрылыс ұйымдастыру және жоспарлау бөлімі, құрылыстың техникалық - экономикалық негіздеу сатысындағы есептік құнын анықтау бөлімі кіреді.

Сәулеттік – құрылыс бөлімінде жобаланатын ғимараттың көлемдік жоспарлау шешімі, конструктивтік шешімі, нормативтік құжаттар (құрылыс нормалары мен ережелері) негізінде қабылданды.

Конструктивтік есептеу бөлімінде 9.4 Лира софт бағдарламасында тұтас құймалы темірбетон тақта жабынының есебі, ұстынды есептеу толық беріледі. Бұл бөлімде негізгі конструктивтік жүк көтергіш элементтерге (жабын плитасына, ұстынға және т.б.) көп көңіл бөлінген. Негізгі қабылданған шешімдер графикалық бөлімде көрсетілген.

Ұйымдастыру және жоспарлау бөлімінде жұмысты жүргізу жобасы жасалды. Қол жазбада жұмысты жүргізу әдісі, жұмыс көлемінің есебі, калькуляция, машина-механизм таңдау есебі, құрылыстың бас жоспары есебі, жұмысты жүргізу технологиясы сипатталған.

Құрылыстың техникалық - экономикалық негіздеу сатысындағы есептік құнын анықтау бөлімінде: құрылыстың техникалық - экономикалық негіздеу сатысындағы есептік құны және жалпы жоба бойынша негізгі техника-экономикалық көрсеткіштері есептелді.

Техника – экономикалық көрсеткіштері: құрылыстың техника-экономикалық негіздеу сатысындағы есептік құны – 2694461,759 мың теңге, құрылыс ұзақтығы – 160күн.

- бет, – сурет, – кесте, 39 - әдебиет. Графикалық бөлім – 6 парақ.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы: «Здание районного акимата в поселке Баянауыл, Павлодарской области».

В состав работы входят: введение, архитектурно-строительная часть, расчетно-конструктивная часть, часть технологии и организации строительства, часть определения расчетной стоимости строительства на стадии технико-экономического обоснования и заключение.

В архитектурно-строительной части, объемно-планировочные и конструктивные решения проектируемого здания, были приняты на основании нормативных документов (строительных норм и правил).

В расчетно-конструктивной части полностью даны расчеты монолитной плиты перекрытия, колонны на программе 9.4 Лира софт. В этой части больше внимания уделяется основным несущим конструктивным элементам (плитам перекрытия, колоннам и т.д.). Принятые основные решения приведены в графической части.

В части организации и планирования составлен план проведения работ. В пояснительной записке описаны метод производства работ, расчет объема работ, калькуляция, расчеты для подбора машин-механизмов, расчеты строительного генерального плана, технология производства работ.

В части определения расчетной стоимости строительства на стадии технико-экономического обоснования определена расчетная стоимость строительства на стадии технико-экономического обоснования и расчет техника экономических показателей по работе.

Техника – экономические показатели: расчетная стоимость строительства на стадии технико-экономического обоснования – 2694461,759 тысячи тенге, продолжительность строительства – 160 дней.

Страниц - , рисунков – , таблиц – , список литературы 39 наименований. Графическая часть 6 листов формата А-1.

THE SUMMARY

Subject of degree job: «Building of regional administration in settlement Bajanaul, the Pavlodar area».

Into job structure enter: introduction, an architecturally-building part, a settlement-constructive part, a part of technology and the building organisation, a part of definition of settlement cost of building on stages of the feasibility report and the conclusion.

In an architecturally-building part, space-planning and constructive decisions of a projected building, have been accepted on the basis of standard documents (building norms and rules).

In a settlement-constructive part calculations of a monolithic plate of overlapping, a column on the program 9.4 Lyre a software are completely given. In this part of more attention it is given to the basic bearing constructive elements (to overlapping plates, columns etc.). The made basic decisions are resulted in a graphic part.

In a technological part the work plan is made. In an explanatory note the method of manufacture of jobs, calculation of amount of works, accounting, calculations for selection of cars-mechanisms, calculations of the building general plan, the "know-how" of jobs are described.

Regarding definition of settlement cost of building at a feasibility report stage calculation, settlement cost of building on stages of the feasibility report and calculation of the technician of economic indicators on job is defined.

Technics - economic indicators: settlement cost of building at a feasibility report stage - 2694461,759 thousand tenge, duration of building - 160 days.

Pages - drawings – tables – the list of the literature of 39 names. A graphic part of 6 sheets of format A-1.

Мазмұны:

Кіріспе	-
1.Сәулеттік құрылыс бөлімі	-
1.1 Ғимараттың мінездемесі	-
1.2. Бас жоба	-
1.3. Сәулет – жоспарлық шешім	-
1.4. Конструктивтік шешімдер	-
1.4.1. Іргетастар	-
1.4.2. Сыртқы және ішкі қабырғалар	-
1.4.3. Аралық тақталар мен едендер	-
1.4.4. Баспалдақтар	-
1.4.5. Терезелер мен есіктер	-
1.4.6. Сыртқы және ішкі өңдеу жұмыстары	-
1.4.7. Ағаш және болат құрылымдарын қорғау	-
1.5. Инженерлік жабдықтар	-
1.5.1. Жылу	-
1.5.2. Вентиляция. Кондиционерлеу	-
1.5.3. Жылу – суықпен қамтамасыз ету	-
1.5.4. Су құбыры, ыстық сумен қамтамасыз ету, канализация	-
1.5.5. Электр жарығы электр тоғы	-
1.5.6. Радиофикациялау	-
1.5.7. Телефонизациялау	-
1.6. Қабырғаны жылутехникалық есептеу	-
1.7. Жабын конструкциясын жылутехникалық есептеу	-
2. Есептік – конструктивтік бөлім	-
2.1 Жүк көтергіш конструкцияларын есептеу	-
2.2 Жүк жинау кестесі	-
2.3 ЛИРА (ж/б конструкциялар) v 9.4 Лира софт бағдарламасында ұстын және КЖС жабын тақтасы (оболочка) үшін арматура таңдау нәтижелері	-
3. Құрылыс ұйымдастыру және жоспарлау бөлімі	-
3.1. Құрылыс алаңындағы күнделікті жүйелі жұмыстың кестесін жасау	-
3.1.1. Құрылыстың орындалатын жұмыс ауқымы мен мөлшерінің тізбесі.	-
3.1.2. Жұмысты анықтау карточкасы (ЖАК)	-
3.1.3. Масштабты жүйелік үлгісіз құрылымдау мен есептеу	-
3.1.4. Сызықтық-желілік үлгінің ЖАК пен уақыт масштабына тәуелділігі	-
3.1.5. Жұмысшыларды қолдану сызбасын құру мен түзетулер енгізу	-
3.1.6. Құрылыс машиналарын қолдану сызбасын құру	-
3.1.7. Күнтізбелі-желілік сызбаның технико-экономикалық көрсеткіштерінің анықтамасы	-
3.2. Объектінің құрылыс бас жоспары	-
3.2.1. Құрылыстың негізін салу, монтажды крандар мен олардың әсер ету аймағын анықтау	-
3.2.2. Ашық алаңқайлар, құрылыс конструкцияларының жабық қоймаларын есептеу мен орнату, көлік жолдарын жобалау	-

3.2.3. Әкімшілік-тұрмыстық мәнді уақытша ғимараттарды есептеу мен жобалау	-
3.2.4. Су-энергетикалық ресурстарына деген қажеттілікті есептеу мен уақытша инженерлік желілерді жобалау	-
3.2.5. Уақытша сумен қамтамасыз етуді жобалау	-
3.2.6. Құрылыс алаңын электрмен уақытша қамтамасыз ету	-
3.2.7. Қоршаған орта қауіпсіздігі мен қорғау техникасы шараларын ұйымдастыру	-
3.2.8. ТЭК анықтау	-
3.3 Тұтас құймалы ұстындарды құрастыру	-
3.3.1 Жабынды бетондау	-
3.4 Құрастыру кранын таңдау	-
3.4.1 Құрастыру крандарын экономикалық параметрлерімен салыстыру	-
3.5 Дайын бұйымдардың сапасын бақылау	-
3.6 Жұмыс өндіруінің күнтізбелік графигі	-
3.7 Материал техникалық қорлары	-
3.8 Техника қауіпсіздігі	-
3.9 Техника-экономикалық көрсеткіштері	-
4. Жобаны экономикалық негіздеу	
4.1. Құрылыстың техникалық - экономикалық негіздеу сатысындағы есептік құнын анықтау тәртібі	-
4.2. Техника – экономикалық көрсеткіштері	-
Қорытынды	-
Қолданылған әдебиеттер	-

Кіріспе

Индустрияландыру картасы ел өміріне тың серпін беруде. Облыстардың өздеріне тән экономикалық келбеттері жаңаруы да орын алуда. Іске қосылып жатқан жаңа зауыттар мен комбинаттар, жаңартылған жылу қазандықтары туралы айту оңай болғанымен, іс жүзінде жүзеге асырылуына бөлінген қаржыдан бөлек қаншама ерік-жігер бар.

Үдемелі индустриялық - инновациялық бағдарламаға бөлінетін қаржы көлемі артып келеді. Соған сәйкес салынатын зауыт пен құрылыс нысандарының қамту ауқымы мен жоба көлемі де ұлғая түсуде. Үкіметте өткен селекторлық кеңесте айтылған жобалар ауқымын төмендегі деректерден де байқауға болады.

Селекторлық кеңесте сөз болған, алдыңғы жылдары іске қосылған 152 жобаның ішінде 30 кәсіпорын жобалық қуатына еніп, өндіріске кірісті. Бұл оған салынған қаржының ақталғаны деген сөз. Ал қалған жобалардың кейбірі маусымдық сипатты және басқа да мәселелер бойынша қатаң бақылауда тұр. Олардың да іске қосылатын күні алыс емес. Судың да сұрауы бар демекші, бөлінген қаржының бақылауы болмайды емес, болады. Төрт жоба сәуір - мамыр айларында іске қосылады деп күтілуде. Премьер- Министрдің орынбасары жобалардың іске қосылу мерзімі тоқталуы, үзілуі мен ауыстырылуына облыс әкімдерінің орынбасарлары деңгейінде жауап беретіндей мәселе қарастырылып жатқандығын жеткізді. Бұл өз кезегінде бақылаудың барлығын білдіріп, немқұрайлылықты болдырмайды.

Бытырғы жыл индустрияландыру картасының бюджеті екі еседей артты. 2026 жылы индустрияландыру картасына құны 715 млрд.теңге болатын 71 жоба бекітілген. Оған тартылатын инвестиция көлемі де аз емес. Ол 1,5 трлн.теңгеге дейін жетеді. Егер сәтін салып, бұл жобалар нақты іске асырылып жатса, болашақта 18,6 мың жұмыс орны уақытша ашылып, кейін олардың 18,5 мыңы тұрақты жұмыс орнына айналмақ. Алғашқы жарты - жылдықта құны 50 млрд. теңгедей болатын 11 нысанның іске қосылуы күтілуде.

Ірі әрі маңызы жоғары нысандар саны - 12. Оларға 330 млрд. теңгедей қаржы бөлінді. Іске қосылғаннан кейін 6 мың жаңа жұмыс орны ашылатын болды. Олардың қатарында Шарын өзеніндегі Мойнақ ГЭС-і (желтоқсан айында), "Жаңаөзен-Түрікменстанмен шекара" темір жол учаскесі (қараша) және Жетіген-Қорғас темір жол желілері, Ақбай алтын фабрикасының өнімділігін арттыру (маусым) жобалары бар. Павлодар облысындағы "Таман" ЖШС жаңа қуатты жүк вагондарын шығармақ. Ал ақпан айының еншісіндегі жоба бойынша "Шеврон Мұнайгаз Инк." Корпорациясының металлпластикалық құбыр шығару зауыты іске қосылды. Шілде айында Маңғыстау облысында "Қазақстан Каспиан Оффшор Индастриз" ЖШС-де теңіз металл өнімдері өндірісін жолға қою жоспарланып отыр. Ал ежелден жеңіл өнеркәсіптің негізі болған Семей өңірінде былғары-тері өнімдерін өндіретін "СКМК" ЖШС комбинаты іске қосылмақ.

Наурыз айының соңына дейін индустрияландыру картасы шағын және орта бизнес жобаларын есепке ала отырып, бірқатар жобалармен

толықтырылмақ. Әзірше облыстардан 300-ден астам өтініш түсіп үлгерген. Оның ішінде 206-сы былтырғы жылғы жобалар бойынша, ал 70-і жылдың алғашқы жартыжылдығында іске қосылатын болады.

Елімізде атқарылып жатқан жұмыстар, әсіресе, индустрияландыру саласында қолға алынып жатқан істердің нәтижесі дағдарыстан кейін еңсемізді көтеруге, сондай-ақ халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға үлкен көмегін тигізбек. Мүмкін, дәл қазір салынған қаржыны ақтамағанмен, уақыт өте келе өзінің толық қуатын игере алатындығына сенім кәміл. Өйткені экономиканың негізін құрайтын орта және шағын бизнес секторын, сондай-ақ өнеркәсіп өндірісін құнттау ұтымды қадам екенін уақыт көрсетіп келе жатыр. Газ бен мұнайға ғана сену емес, сонымен қатар экономикамыздың барлық секторлары қатар дамыса, болашағымыз бұлыңғыр болмайды. Қара алтынға маманданған экономикалық келбетімізден өзге келбет қалыптастыру өте маңызды. Тек атқарылып жатқан іске халық тарапынан немқұрайлылық болмасын деңіз. Қыруар қаржы салып, үлкен серпінмен атқарылып жатқан жұмыстардың көлемін көре отырып, оны жүзеге асырушылар ел болашағына үлес қосып жатқандықтарын есіне ала жүрсе нәтиже де сапалы болмақ.

1. Сәулеттік құрылыс бөлімі

1.1 Ғимараттың мінездемесі

Павлодар облысы, Баянауыл елді - мекеніндегі аудандық әкімшілік ғимараты

Аудандық әкімшілік ғимараты Павлодар облысы, Баянауыл елді - мекенінде салыну үшін жобаланған 1-ші климаттық топшада сыртқы ауаның есептік температурасымен қыстың кезінде -32°C . Желдің жылдамдық күші – $0,38\text{кПа}$, қар қабатының салмағы – $1,0\text{кПа}$

Ғимарат сипаттамасы:

1. Ғимарат тобы – қоғамдық.
2. Ғимарат классы – II.
3. Отқа төзімділік дәрежесі – II.
4. Ғимараттың жауапкершілік дәрежесі – II.

1-ші қабаттың $0,000$ еден деңгейі шартты нүктеге алынған, ол абсолютті $354,20$ нүктесіне сәйкес келеді.

Ғимаратта келесі инженерлік жабдықтар қарастырылған: жылу, вентиляция, ыстық сумен қамтамасыз ету, су құбыры, канализация, электр жарығы, телефонизация, радиофикация.

1.2 Бас жоба

Бас жоба басты құжат болып табылады. Бас жобаның жоспардағы өлшемі $40 \times 50\text{м}$. Жалпы алаң ауданы $S = 2000\text{м}^2$. Құрылыс алаңында жасыл көшеттер отырғызылған, топырақтың құнарлы қабаты сақталған. Аймақтық рельефі қалыпты. Аймақ беті тегіс. Жобаланған ғимараттың аймағында әртүрлі мақсаттағы қажетті орындар қарастырылған. Көлік жолдары мен тротуарлар асфальтобетоннан жасалған.

Құрылыс алаңының бос жерлерінде тротуарлар, жол жүретін орындар, басқа алаңдар, гүлзар ағаштар, көшеттер отырғызылған. Бұл көшедегі шу мен шаң-тозаңды азайтуға көмек береді. Аудандық әкімшіліктің типті жобасы және аймақтық жағдайымен сәйкес келеді. Кіре беріс есіктер солтүстікке қарайтындай жобаланған. Ғимараттың жобасы - салынатын ғимараттың жағдайында орналасқан. Құрылыстың бөлшектік жоспары салынатын ғимараттардың негізінде шешілген.

Өрт сөндіру қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша ғимарат КНЖЕ нормасына сәйкес келеді. Ғимараттар арасындағы қажетті өрт қауіпсіздігі аралықтары сақталған. (Өрт сөндіру машиналарының кедергісіз жүруіне мүмкіндік бар).

Ғимараттың қарапайым қалпы жарық пен күн сәулесінің барлық бөлмелеріне түсуіне мүмкіндік жасалған. Желдің оңтүстік — батыс бағыты ішкі алаңды желдетуге мүмкіндік береді. Барлық алаңдарда отыратын орындық пен гүл отырғызу алаңдары, жарықтандыру шамдары қарастырылған.

Аландар өзара орташа көшеттермен бөлінген. Одан басқа көрші ғимараттар алаңында меншікті көліктерді қоятын тұрақтар жобаланған. Тұрақ көшеттер және бордюрлермен қоршалған.

1. Жасы 7 - 9 жыл қайың ағаштарын 20 дана көлемінде отырғызу қарастырылған. Шөп дәндерін топыраққа егу алаңдарының ауданы 245м^2 . Ағаштарды отырғызу абаттандыру аумағынан тыс жүргізілуі керек.

2. ДЭҚ – дренажды экрандық қабат – жергілікті ірі уақты құмнан жасалынған. Отырғызу алаңы орташа өлшемдері $1,9 \times 1,9 \times 1,15\text{м}$. Тереңдігі ДЭҚ –ты есепке алу арқылы берілген. $0,25\text{м}$ шөп алаңдары отырғызу үшін. Ұрықтарды отырғызу нормасы $1\text{м}^2 - 40\text{ гр.}$ және бір жылдық гүлдердің отырғызу нормасы $1\text{м}^2 - 55\text{гр.}$ Қара шірікті $0,02\text{м}$ қабатымен қосуды қарастырып, алдын – ала елеуіш пен грохоттан елеу арқылы. Көгалдандыру жұмыстарын құрылыс пен орнату жұмыстары біткеннен кейін бастау керек.

Қоқысты шығару автокөлікпен жүзеге асады. Нысан орталық жылумен қамтамасыздандырылған, ауаға зиянды өнімдері шығарылмайды. Қоқыстармен аумақты ластауға тыйым салынған, лас суларды қалалық жүйеге ағызу көрсетілген.

1.3 Сәулет – жоспарлық шешім

Сәулет-жоспарлық шешімнің құрамы ҚР ҚНЖЕ-нің 3.02.02-200[2] талаптары мен бөлмелердің технологиялық және функционалдық арналуына байланысымен алдын ала келісілген.

Аудандық әкімшілік Павлодар облысы, Баянауыл елді - мекенінде салынады, жобаланатын ғимарат төртбұрышты болып келеді. Жобалау ғимараты 4 қабатты, жертөлесі және суық шатыры бар. Жертөле биіктігі еденнен жабын астына дейін – $2,2\text{м}$. 1 – ші қабат биіктігі – $4,0\text{м}$, 2-ші қабаттан 4-ші қабатқа дейінгі қабат биіктігі – $3,3\text{м}$, шатыр биіктігі – $1,6\text{м}$.

1.4 Конструктивтік шешімдер

Қоғамдық ғимараттардың құрылымдық шешімдері қойылатын техникалық талаптарға сай болуы керек, яғни: беріктігі, орнықтылығы, төзімділігі, өрт қауіпсіздігі және экономикалық жағынан. Бұл талаптарды қанағаттандыру ғимараттың көлемдік-жобалық шешімдеріне, алдын ала кернелген темірбетонды, жеңіл бетонды, болатты, алюминийді және ағашты қолдануға жауап беретін рационалды құрылымдық жүйелерді қолдану арқылы жүзеге асады. Қоғамдық ғимараттардың түріне және жергілікті құрылыс индустриясына байланысты олар жиналмалы, тұтас құймалы т.б. болуы мүмкін.

Жобаланып отырған ғимаратымыздың жоспардағы көрінісі $1 \div 8$ және $A \div Ж$ осьтері бойынша тік төрт бұрышты. $1 \div 8$ осьтері негізіндегі ұзындығы 63м , ал $A \div Ж$ осьтері бойындағы ұзындығы $31,8\text{метр}$. Жалпы қабат биіктігі $3,3\text{м}$. Жобаланатын ғимарат жобада төртбұрышты болып келеді.

Жобаланатын ғимарат – кірпішті қанқалы. Көтеруші қаңқа және жабын дискілері тұтас құймалы темірбетоннан. Тұтас құймалы темірбетоннан

жасалған ұстындар қима өлшемдері 400*400мм, бетон классы В25. Тұтас құймалы темірбетоннан жасалған қатандық диафрагмалар қимасы тұрақты ғимарат биіктігі бойынша қалыңдығы $t = 400\text{мм}$, бетон классы В25. Горизонталь дискілері тұтас құймалы темірбетоннан жасалған аралық жабындарынан құралған, қалыңдығы 220мм, бетон классы В25.

1.4.1 Іргетастар

Іргетас деп ғимараттың үстіңгі бөлігіндегі пайда болатын тұрақты және уақытша жүктемелерді қабылдайтын және бұл жүктемелерден пайда болатын қысымды негізге беретін ғимараттың жерасты бөлігін айтады.

Іргетастар ретінде МеМСТ 19804-91 бойынша қадалар алынған. Ұзындығы 6м қадалар алаңы бойынша тұтас құймалы темірбетонды ростверкпен қалыңдығы $t = 1000\text{мм}$, бетон классы В25. Жертөле қабырғалары тұтас құймалы бетоннан қалыңдығы 60см

Қадалы негізді іргетас астына құрғанда:

- іргетастың жұмыс істеу сенімділігі артады,
- жер жұмыстары азаяды,
- қыстың кезінде топырақ негіздің домбығуына қорықпай жұмыс істеу мүмкіндігі артады.

Қадалы іргетастың кемшіліктері қаданы қағу кезіндегі жұмыс көлемділігі.

Горизонталь су қорғауғыш қабаты бүкіл қабырғалардың периметрі бойынша -0.32 нүктесінде битумдік мастикадан істелген 2 қабатты гидроизолдан, -2.50 нүктесінде қалыңдығы 2см құрамы 1/2 цемент ертіндісінен орындалады. Техеденасты мен жертөле топырақпен түйісетін жерінде 2 рет ыстық битуммен сыланады.

Іргетастың негізі ретінде саздақтар алынған (орташа тығыздығы $2,03\text{г/см}^3$, меншікті ұстасуы 17,0кПа, ішкі үйкеліс бұрышы 17,0, деформация модулі 9,0МПа). Саз (орташа тығыздығы $2,0\text{г/см}^3$, меншікті ұстасуы 27,0кПа, ішкі үйкеліс бұрышы 12,0, деформация модулі 12,0МПа). Малта тасты (есептік кедергісі 0,30МПа, деформация модулі 20,0МПа). Қиыршық тасты топырақ (есептік кедергісі 0,40МПа, деформация модулі 20,0МПа). Нормативтік қату тереңдігі 3,04м. Жер асты суының есептік деңгейі 3,53м. Жер асты сулары және топырақ $\text{SO}_4 - 1392\text{мг/л}$, $\text{CL} = 786\text{мг/л}$ портланцементінде жасылынған бетонға қауіпті. 0,35 нүктесінен астындағы жатқан бетон және темірбетон өнімдері сульфатқа қарсыласатын портланцементтен жасалынуы тиіс.

1.4.2 Сыртқы және ішкі қабырғалар

Сыртқы қабырғалар ғимараттың ең жауапты құрылымы. Олар әр түрлі және көптеген күштердің әсеріне ұшырайды. Қабырғалар өзінің салмағын, жабындар мен аралық жабындарынан түсетін тұрақты және уақытша жүктемелерді, желдің әсерін, негіздің біркелкі емес деформациясын, сейсмикалық және т.б. күштерді қабылдайды. Сыртқы қабырғалар сырттан күн сәулесінің радиациясына, атмосфералық түсімдерге, өзгермелі температураға

және ауа ылғалдылығына, сыртқа шуға ұшырайды, ал ішкі жағынан жылу ағымы әсеріне, су буы ағымына. Сыртқы қоршау құралымдарын және қасбеттің композиттік элементтерін орнату кезінде сыртқы қабырғаға беріктік, көпғасырлық, өртке төзімділік талаптарына жауап беріп, сырттан келетін әсерлерден қорғап, бөлмеде керекті ылғал –температуралық режимді сақтап, декоративтік қасиеттері болуы тиіс. Сонымен қатар қабырғалар құралымдары индустриалдық талаптарды қанағаттандырып, экономикалық жағынан тиімді болуы керек. Өйткені қабырғалар қымбат құрылымға жатады (ғимарат құнының 20-25 %).

Сыртқы қабырғалары жеңіл бетонді блоктардан қалыңдығы 400мм, $\gamma = 600\text{кг/м}^3$, классы В5 бетоннан М75 ерітіндісінен жасалынған, аязға төзімділігі $F = 25$, сыртқы бетін керамогранитпен қаптау қасбеттердің түстік шешімдеріне сәйкес. Ішкі қабырғалар гипсокартонды, қалыңдығы 100мм. Ауадағы шудан қалыпты дыбыс изоляциялық деңгейді қамтамасыз етеді.

Қоршаушы конструкцияны дұрыс эксплуатациялау бөлмелерді тұрақты температуралық режимде қамтамасыз етеді. Аудандық әкімшілік бөлмелерінде ылғалдылығы 60% кезінде +20градус, сантүйінде +16градус.


Жер төле қабырғалары тұтас құймалы, қалыңдығы 60см. Сақтау бөлімінің қабырғалары кірпіштен МеМСТ 530-95 бойынша.

Жер төленің ішкі қабырғалары керамикалық кірпіштен қалыңдығы 380мм МеМСТ 530-95 бойынша.


Ішкі қабырғалар керамикалық кірпіштен қалыңдығы 88мм.

1 –ші қабаттың сыртқы қабырғалары керамикалық кірпіштен қалыңдығы 380мм, қасбет вентиляцияланған, ілінгіш керамогранитпен қапталған.

1 –ші қабаттың ішкі қабырғалары гипсокартонды, қалыңдығы 100мм. Терезе жабындары темірбетонды 1.038.1-1 Шығ.1. Серия бойынша



Сур. 1.1 Тұтас құймалы ростверктің қадамен және қабырғамен қосылу түйіні



Сур. 1.2 Сыртқы қабырғаның көрінісі


1.4.3 Аралық тақталар мен едендер

Аралық тақталар – тұтас құймалы темірбетоннан жасалған. Қалыңдығы 220мм.

Еден — жер немесе жамылғылар үстіне орнатылатын құрама конструкция. Еденнің жиынтығын және жеке қабаттарының конструктивтік орындауы оның ұйғарылған пайдалану жағдайларымен анықталады.

Еденнің тікелей пайдалану әсеріне ұшырайтын үстіңгі элементін жабу (“Нағыз” еден) деп атайды. Еденнің жабу түрі оның атымен анықталады: паркет, тақта мозаикалық және тағы басқа.

Еденнің жабуы мен еден орналасқан үймереттің жүк көтеретін элементінің аралығында әр қайсысының нақты функционалдық міндеті бар аралық қабаттар болады: қабатша, тұтастырғыш су айыру, жылылықты өткізбеу, төсеніш қабаты. Еденнің жалпы жылу өткізгіштігін азайтатын қабат бұл жылылықты өткізбеу. Құрмалас қалыңдығы 220мм темірбетон тақталар жабын ретінде қолданылады.



Сур. 1.3 Еден керамикалық тақтайшамен

1 - керамикалық плитка 300*300*8; 2 - суға төзімді клей $\delta=5\text{мм}$; 3 – цемент - құм ерітіндісінен стяжка М-200, $\delta=30\text{мм}$; 3 - неопор бетон СН ҚР В 2.7.5-95, 800кг/м^3 , $\delta=35\text{мм}$; 4 - тұтас құймалы жабын


Кеңсе бөлмелерінде едендерге паркет төселген, вестибюль, тамбур, мен баспалдақ алаңында керамикалық тақта төселген. Едендер конструкциясы қабаттар арасындағы жабындар ауаның және соққыш шудан дыбысизоляциясын қалыпты деңгейде қамтамасыз етеді.

Терезе жабындары (перемычки) құрамалы темірбетонды 1.038.1. Шығ. 1 серия бойынша.

Шатыр – суық, жабыны – катепал. Суағар (водосток) – ішкі, біріккен.

1.4.4 Баспалдақтар

Баспалдақтар әр қабатта орналасқан бөлмелердің қатынасы үшін тағайындалады. Сонымен қатар ғимараттан адамдар мен мүлікті апаттық эвакуациялау және өрт сөндіруші топтардың жұмысын жеңілдету үшін. Баспалдақтар - болаттан жасалған косоур бойынша темірбетонды баспалардан тұрады. Баспа торлары ҚР ҚНЖЕ-нің 2.02-05-2002 «Үймереттер мен ғимараттардың өрт қауіпсіздігі» талаптарына сәйкестендіріліп жасалған [6].




Сур. 1.4 Баспалдақтың құрылымдық шешімі

1.4.5 Терезелер мен есіктер

Күннің жарығын өткізетін қоршаулардың тағайындалуы – күннен түсетін жарықты бөлмелерге өткізу адамдардың сыртқы ортамен визуалды қатынасын қамтамасыз ету үшін. Негізгі күннің көзін өткізетін материал – силикат шынысы. Шыныны түзеп қатандық беретін алюминий мен металлопластиктен жасалған элементтер. Терезелердің өлшемдерін күндізгі жарықпен қамтамасыз ету нормативтік талаптарды, сәулеттік композицияны, эксплуатациялық ысырапты ескере отырып тағайындайды. Есіктердің өлшемдері стандартталған. Олар екіпольді және бір польді болып жобаланған. Биіктіктері 2м, ендері 0,91м, 0,81м, 1,10м болып келеді. Эвакуацияға байланысты түгел есіктер сыртқа қарай ашылады.

Терезелер – үш қатарлы әйнекпен әйнектелген алюминий. Сыртқы есіктері – металдан, металлопластиктан жасалынған. Ішкі есіктері – индивидуалды. Терезелік блоктар – металлопластиктен екі камералық терезе пакетінен істелген. Терезе асты (подоконник) металлопластиктен жасалынған.



Сур. 1.5. Сыртқы есік

1.4.6 Сыртқы және ішкі өндеу жұмыстары

Ішкі әрлеу жұмыстарын жасау үймереттер тұрғызудың соңғы кезеңі болып табылады. Олардың міндеті – аудандық әкімшілікке аяқталған түр беру болады.

Әрлеудің техникалық міндеті ең алдымен түзілістердің қоршаған ортамен өзара байланысымен анықталады. Әрлеу жабулары түзілістерді дымқылдану, коррозия, механикалық бүлдіру әсерлерінен қорғайды. Олар және де бөлмелердің акустикалық қасиеттерін, олардың инсоляциясын, ауа алмасуын беруі мүмкін.

Жабудың пайдалану қасиеттері негізінен адамның шаруашылық қызметінде анықталады. Сондықтан әрлеу жабулары механикалық әсерлерге тұрақты, санитарлық – гигиеналық тазалауға мүмкіндік беретін, уытты болмау және ұзақ уақыт өзінің алғашқы түрін сақтайтын болу керек.

Ішкі әрлеу жұмыстары технологиялық белгілері бойынша сылақ қаптау, майлау, тұсқағазды желімдеу және тағы басқа жұмыстар түріне бөлінеді.

Цоколь суға төзімді граниттен салынған. Орталық және қосалқы баспалдақтар граниттен қаланған. Әкімшілік бөлмелердің қабырғалары мен төбесі сылақтан витонитпен түзетілген және үстіне тұсқағаз желімденген. Плинтустары ағаштан жасалынған. Коридорлар төбесі ілінгіш төбе “ARMSTRONG» - пен өнделген. Сан. түйіндерде, қоймаларда қабырғалар керамикалық тақтайшамен салынған М 150 ертісінен.

1.4.7 Ағаш және болат құрылымдарын қорғау

Бұйымдардың болаттық байланыстарын коррозиядан қорғау, яғни анкерлік және пісіру байланыстарын ҚР ҚНЖЕ 2.01-19-2004ж. талабына сәйкес орындау. Түгел металлды бұйымдарды ПФ-1 МеМСТ 6405-76* эмальмен бояу екі қабаттық грунтовкамен ГФ МеМСТ 25129-82*. Түгел ағаштан жасалынған бұйымдарды шіруден сақтау мақсатында және керекті отқа төзімділігін қалыптастыру ұқыпты антисептеу және антиперендермен өңдеу жүргізіледі.

1.5 Инженерлік жабдықтар

1.5.1 Жылу

Жылу және вентиляция жобасы жобалау тапсырысы, сәулет – құрылыс сызбалары негізінде және ҚНЖЕ 2.04.05-91 бойынша істелінеді.

Сыртқы ауаның есептік температурасы жылу жүйелерін жобалау үшін -32°C алынған. Жылумен қамтамасыз ету қалалық жүйелер арқылы жүзеге асады. Жылу тасушы – су -75, -95°C көрсеткіштерімен. Жылу бөлмесінде енгізу түйінінде жылуды есепке алатын тексеру құралы орнатылған. Жылытқыш құрылғы ретінде алюминийден істелген радиаторлар қабылданған. Ішкі бөлмелерде, санитарлық түйіндерде және коридорларда - металлопластикалық құбырлар.

1.5.2 Вентиляция. Кондиционерлеу

Вентиляция ағылу – кетулі, механикалық. Ауаның бөлме ішіне келуін техникалық қабатта орнатылған VTSC кондиционерлерімен жүзеге асырады. Бөлме ішіндегі ауаны тазарту осьтік, центрден тепкіш вентиляторлар арқылы жүзеге асырылады

1.5.3 Жылу – суықпен қамтамасыз ету

Әкімшілік бөлімдерін жылу – суықпен қамтамасыз ету фанкойлдармен жүзеге асады. Суықты дайындау үшін чиллерлер орнатылады.

1.5.4 Су құбыры, ыстық сумен қамтамасыз ету, канализация

Құрастыру және санитарлы – техникалық құрылғыларды қабылдау ҚНЖЕ 3.05.01 – 85 бойынша жүргізіледі. Суық және ыстық сумен қамтамасыз ететін құбырлардың жабындармен түйісу жерлерінде қаптағыштармен қаптау керек. Ыстық су құбыр желісінде қалайыдан жасалынған маркасы 15Б 16к. бұрандаларды орнату керек. Су құбыры желісінің келтіргіштерін шайғыш бочоктармен құрастыру жұмыстарын полиэтилендік құбырлармен ТУ – 400-28-169-76 сәйкес жүргізілуі тиіс. Сумен қамтамасыз ету құбырлар желісі 0,000 – ден төмен болған жағдайда болаттан, су, газ өткізетін құбырлардан жасалуы

керек, бас санитарлық – эпидемиологиялық ҚР-ның Денсаулық сақтау министірілігі басқармасының рұқсат етіуімен шаруашылық – ішуге жарамды сумен қамтамасыз ету жүйелерінде қолдану үшін. Ыстық және суық сумен қамтамасыз ету құбырларының қорғауғыш түрі иілмелі, құбырлы қорғауғыш «K-FLEX». Қорғауғыш қалыңдығы – 9мм суық су үшін, 13мм ыстық су үшін. Құбыр желілерін құрылыс құралымдарына бекіту 4.904-69 сериясы бойынша жүргізілуі тиісті.

1.5.5 Электр жарығы мен электр тоғы

Электр тоғымен қамтамасыз ету сенімділік дәрежесі бойынша әкімшілік ғимаратқа мыналар жатады: өрт сөндіру жүйесі, түтіннен тазарту, өрттік сигнализация 1-ші категорияға, ал қалған электр қабылдағыштар 2-ші категорияға жатады. Аудандық әкімшілік бөлмелерін резервтік қамтамасыздандыру үшін дизельгенератор 10кВт қуаттылығымен қарастырылған.

Жарықтандыру үшін светильниктер люминисценттік лампалармен және қыздыру лампалары бөлменің тағайындалуына байланысты қабылданады. Жарықтандыру көлемі ҚР ҚНЖЕ 2.04-05-2002. Табиғи және жасанды жарықтандыру бойынша алынады. Сөндіргіштер 1.0м биіктікте орналастырылады. Штепсельді розеткалар еден деңгейінен 0,3м биіктікте. Жоба бойынша жасанды вентиляцияның өрт болған жағдайда автоматты сөндірілуі қарастырылған. Тоқ изоляциясы бұзылған кезде адамдарды тоқтан сақтау үшін жобада келесі шаралар көзделген: сақтау құрылғысы орнатылған 30Ма сезімталдығымен. Металлдық тоқ тасымалдамайтын электр жабдықтардың және тоқ қабылдағыштардың бөлімдері жерге енуі (заземление) керек, яғни оларға нольдік желіні қосу арқылы.

1.5.6 Радиофикациялау

Төбе жабынында желі ұстыны орнатылады $d = 80\text{мм}$ және $h = 1,9\text{м}$. Абоненттік трансформатор ТАМУ25 техникалық қабатта тарайтын бөлімінде қабаттық тарату щитінде ұйымдастырылған. Жүйені ұстыннан трансформаторға дейін енгізу ПРППМ 2х1,2, желісімен сылақ астына жасыру арқылы төбеден 20см ара қашықтықта орындалады. Кабинет ішінде радиорозеткелер еден деңгейінен 30см биіктікте және тоқ розеткілерінен 1м-ден аспайтын қашықтықта орнатылады.

1.5.7 Телефонизациялау

Ғимарат ішіне телефондық енгізу маркасы ТПП 100х2,05 желісімен көзделген. Жертөледе телефондық желі ашық ПВХ құбырынды жүргізіледі.

1.6 Қабырғаны жылутехникалық есептеу

Қоршауыш құрылымның керекті жылу өткізуге кедергісін $R_{кер}$ ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 бойынша есептейік:

$$R_o^{\delta\delta} = \frac{n(t_s - t_{\tilde{n}})}{\Delta t^i \alpha_{\delta}},$$

мұндағы n – сыртқы қабырғаның сыртқы ауаға қарағанда орналасуына байланысты қабылданатын коэффициент, $n = 1$;

t_i – ішкі ауаның есептік температурасы, °C, сәйкесінше ғимараттарды жобалау нормалары мен МеМСТ 12.1.005-88* бойынша қабылданады;

t_c – сыртқы ауаның есептік қысқы температурасы (°C), 0,92 қамтуымен ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2001 бойынша бескүндік ең суық орташа температураға тең, $t_n = 32^\circ\text{C}$;

Δt^H – Қоршауыш құрылымның ішкі бетінің температурасы мен ішкі ауа температурасы арасындағы нормативтік температуралық өзгеріс, $\Delta t^H = 4,5$;

α_B – Қоршауыш құрылымның ішкі бетінің жылу беру коэффициенті, $\alpha_B = 8,7 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C})$

$$R_o^{кер} = \frac{1 \cdot (20 + 32)}{4,5 \cdot 8,7} = 1,40 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C} / \text{Вт}$$

Қысқы уақытта жылу беру градус-тәуліктері ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 (1а) формуласы бойынша анықталады:

$$ГСОП = (t_B - t_{ом.пер.}) \cdot Z_{ом.пер.},$$

t_i – ішкі ауаның есептік температурасы (°C), сәйкесінше ғимараттарды жобалау нормалары мен МеМСТ 12.1.005-88* бойынша қабылданады;

$t_{ом.пер.}$, $Z_{ом.пер.}$ – орташа температура (°C), және ауаның орташа тәуліктік ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2001 бойынша 8°C тең температурасының ұзақтылық уақыты

$$\tilde{A}\tilde{N}\tilde{H} = (20 + 8,1) \cdot 216 = 6070.$$

ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, 1* кестесі бойынша қоршауыш құрылымның жылу өткізуге кедергісін $R_o^{кер} = 3 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$ деп қабылдаймыз

Жылу өткізуге кедергісін R_o , $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 формула (4) бойынша анықтау қажет

$$R_o = \frac{1}{\alpha_{\delta}} + R_{\kappa} + \frac{1}{\alpha_n},$$

где R_{κ} – қоршауыш құрылымның термиялық кедергісі, $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$;

α_n – Қоршауыш құрылымның сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті, $\text{Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C})$, $\alpha_n = 23 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C})$.

Көп қабатты қоршауыш құрылымның қабатының термиялық кедергісін R , $\text{м} \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 бойынша анықтаймыз

